Аталған бұйым, осы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тек тұрмыстық жағдайда азық-түліктерді сақтау үшін пайдаланылуы тиіс. Аталған бұйымды кез келген басқа қолданыстар, қауіпті деп қарастырылады және болуы мүмкін ысырап үшін өндіруші жауапты бола алмайды.

Сонымен бірге кепілдік шарттарына назар аударыңыз.

Тоңазытқыш қоршаған ортаның температураның төменде көрсетілген өрісінде қалыпты істейді:

SN климаттық класы үшін +10 ден +32 ° C дейін (салыстырмалы түрде суық);

N климаттық класы үшін +16 ден +32 ° C дейін (қалыпты);

ST климаттық класы үшін +10 ден +38 ° C дейін (субтропикалық);

T климаттық класы үшін +10 ден +43 ° C дейін (тропикалық);

Тоңазытқыштың класы тоңазытқыштың зауыт кестесінде көрсетілген.

Басқа жағдайларда пайдаланған кезде тоңазытқыштың энергетикалық сипаттамалары өндірушінің көрсетілген нұсқауларына сәйкес келмеуі мүмкін.

Тоңазытқышты жатын бөлмелерде пайдалануға болмайды. Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде, атқарымдық шулар мен дыбыстардың болатынын ескеру қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Оны сақтау немесе дүлей күш әрекеттердің (орт, дүлей апаттар) кесірінен болған, оны пайдалану шарттарын бұзудың салдарынан пайда болған, бұйымның бекінуі және ақау үшін (соның ішінде, кепілдік кезеңінде) өндіруші жауапты емес.

Тасымалдау кезінде тоңазытқыштың бүлінген жерлерінің болмауын тексеріңіз. Оларды тапқан кезде жақын маңдағы Өкілетті Қызмет көрсету Орталығына телефон шалыңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Тоңазытқыш қоршаған ортамен жоғары сыйымдылықты газ тәрізді хладагенттен (R600a: изобутан) және жылу айырғыш кобиктендіргіштен (HCFC141b) тұрады, алайда олар жанғыш заттар болып табылады. Қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін келесі ережелерді сақтауға кеңес беріледі:

- **Ақау белгілері бар тоңазытқышты ешқашан қоспаңыз;** егер бұйымның ақауы бар екендігіне сізде күмән пайда болса, қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.
 - Кез келген операцияларды орындаудың алдында желілік шнурды электр розеткасынан суырып тастау қажет.
 - Тоңазытқыштың ішкі жағында және артқы қабырғасында орналасқан тоңазытқыш жүйесінде, хладагент бар. Олай болса, тоңазытқыштың тоңазыту жүйесінің трубаларына зиян келтірмеу үшін, абай болу қажет.
 - Егер тоңазытқыштың тоңазыту жүйесінде ағып жатқан нәрсені байқасаңыз, электр розеткасына қолыңызды тигізбеңіз және жақын жерде ашық жалынды пайдаланбаңыз. Терезені ашып, бөлменің ішін желдетіп алыңыз. Содан кейін қызмет көрсету орталығына көмек сұрап, жүгініңіз.
 - Тоңазытқышта қатып қалған қалың мұзды пышақпен немесе басқа да үшкір затпен алмаңыз.
- Мұндай жағдайда хладагенттың сұлбасына залал келуі мүмкін, оның жүйеден шығып кетуі өрттің пайда болуына әкелуі немесе сіздің көзіңізге зиян келтіруі мүмкін.
- Ылғалды, маймен ластанған және қоқыс тасталған жерлерде электр құралдары мен аспаптарын орнатпаңыз, сонымен бірге оған су мен күн сәулесінің тікелей түсуіне жол бермейді.

- Оны жылытқыш электр құралдары мен аспаптарына жақын жерге немесе жанғыш материалдардың қасына орнатпаңыз.
- Ұзартқыш шнурлар мен жалғастырғыш тетіктерді қолданбаңыз.
- Жүйелік шнурды тым қатты тартпаңыз және майыстырмаңыз және желілік шнурдың вилкасын дымқыл, сулы қолмен ұстамаңыз.
- Ақауы бар желілік шнурды және вилкасының ақауы бар желілік шнурды пайдаланбаңыз; бұл электр тогынан немесе өрттен зардап шегуге әкелуі мүмкін.
- Желілік шнурды вилкасы таза болуы қажет, вилкада шаң-тозаңның болуы өртке әкелуі мүмкін.
- Тоңазытқыштың еріту үдерісін үдету үшін механикалық құрылғылар мен басқа да жабдықтарды пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқыштың еріткен кезде, ашық отты және электр жылытқыш, бу тазартқыш, балауыз шам, майлы жалын және осыған ұқсас құрылғылар сияқты, электр жабдықтарын пайдалануға тыйым салынады.
- Тоңазытқышқа жақын жерде жанғыш спрейлерді, мысалы, аэрозолды қорабы бар бояуды пайдаланбаңыз. Бұл өрттің шығуына немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Егер өндіруші мұндай пайдалануға кеңес бермеген болса, азық-түліктер мен тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлімшелерінде электр аспаптарын пайдаланбаңыз.
- Эфир, жанармай, сұйытылған мұнай газы, газ тәріздес пропан, аэрозолды спрейдің ыдысын, желім, таза ішімдік сияқты, жанғыш және оңай ұшатын заттарды тоңазытқышта сақтамаңыз. Бұл жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Дәрі-дәрмектер мен ғылыми зерттеуге арналған материалдарды тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Олардың температурасын қатаң сақтау талап етілетін, материалдарды сақтаған жағдайда, мұндай материалдардың химиялық ыдырау қауіпі бар және бақылау мүмкін емес химиялық реакция болуы мүмкін, бұл қауіп-қатер туғызуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың корпусындағы және оның ішкі жағындағы желдеткіш санылаулар қалқанбауы тиіс.
- Тоңазытқыштың төбесіне контейнерлер мен суы бар ыдыстарды қоймаңыз.
- Өз бетіңіше аталған тоңазытқыштың жөндеу жұмыстарын орындауға тырыспаңыз. Барлық жөндеу жұмыстары қызмет көрсету қызметінің білікті қызметкерлері арқылы орындалуы тиіс.
- Олардың тұрмыстық электр аспаптары, ақыл-ой қабілет немесе тәндік кемістігі бар тұлғалардың (соның ішіне балалар да кіреді), сонымен бірге жеткілікті тәжірибе мен білімге ие емес тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Тек электр аспаптарын пайдалану бойынша нұсқаулықты оқып-үйренген және олардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын, тұлғалардың бақылауымен ғана, мұндай тұлғалардың электр аспаптарын пайдалануына рұқсат етіледі.
- Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, балалардың электр аспаптарына жақын жерде ойнуына рұқсат етпеңіз.
- Газ плитасын қосу үшін пайдаланатын, икемді газды металл қолғаппен тоңазытқыштың артқы қабырғасына (конденсатордың торлары) жанасуға тыйым салынады.
- Тоңазытқыш орнатылған ғимараттағы желдету жүйесі, жарамды болуы қажет.
- Тоңазытқыштың құрылымын өзгертуге тыйым салынады. Барлық жөндеу жұмыстары кепілдікті жөндеу жұмыстарына өкілетті өндіруші, білікті қызметкер арқылы орындалады.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Электр аспапта электр және электрондық жабдықты кәдеге жаратуға қатысты 2012/19/EU еуропалық директивасының (WEEE) талаптарына сәйкес орындалған таңбалама бар. Электр аспапта символ өзінің мерзімін өткерген электр аспап әдеттегі тұрмыстық қалдықтар секілді лақтырып тасталмауға тиіс, бірақ электр және электрондық жабдықты екінші қайтара пайдалануды жүзеге асыру үшін жақын жердегі жинау пунктіне жөнелтілуге тиіс екенін көрсетеді.

Кәдеге жарату жергілікті қалдықтарды әкету ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Бұйымның құрамына кіретін материалдарды қайта өндеуге, қалпына келтіруге және қайтадан пайдалануға қатысты толығырақ ақпарат алу үшін, құзыретті органға (Экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігі), қалдықтарды әкетуді жүзеге асыратын қызметке немесе өзіңіз одан бұйымды сатып алған сауда кәсіпорнына хабарласыңыз.

Коректендіру бауын киып алып, коректендіру бауының ашасымен бірге қалдықтарға тастаныз. Дұрыс кәдеге жаратуды жүзеге асыру үшін тоңазытқыштың түтіктерін зақымдап алмаңыз, өйткені оларда тоңазытқыш агент болады.

Қапталымдық материалдарды кәдеге жарату жергілікті қалдықтарды әкету ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.


WEEE құрамына қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін қоршаған ортаны ластайтын заттектер мен оларды екінші қайтара пайдалануға болатын негізгі компоненттер кіреді. Қоршаған ортаны ластайтын барлық заттектерді дұрыс кетіру және кәдеге жарату мен ондай материалдарды қалпына келтіру және екінші қайтара пайдалану үшін, WEEE арнайы өндеуге қатысты ақпаратқа ие болған өте маңызды. Адамдар WEEE қоршаған ортаны ластамауын қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарады. Бұл орайда төмендегі негізгі ережелерді басшылыққа алу қажет:

- WEEE әдеттегі тұрмыстық қалдықтар секілді тасталмауға тиіс.
- WEEE муниципалдық билік органдары немесе тіркелген компаниялар басқаратын тиісті жинау пункттеріне әкетілуіне тиіс. Көп елдерде ірі WEEE үшін үйден жинап әкету ұйымдастырылған.
- Жаңа электр аспапты сатып алған кезде ескі электр аспап егер қайтарылатын жабдық жаңа жабдықпен бір типті және тап сондай функцияларды атқаратын болса, "бірге бір" принципі бойынша тегін қабылдауға тиіс дүкенге қайтарылуы мүмкін.

ОРНАТУ


ЕСКЕРТУ:

- Ылғалды немесе дымқыл ғимараттарда электр аспаптарын орнатпаңыз, өйткені бұл электр оқшауланудың бұзылуына және электр тогының кемуіне әкелуі мүмкін.
 - Бұған қоса, электр аспаптарының электрлік құрамдас бөліктерінде ылғалдың сұйық түрге айналуы мүмкін.
 - Электр аспаптарын ашық ауада және жылу көздеріне жақын жерге орнатпаңыз, сонымен бірге оған тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз.
 - Электр аспаптарына сұйықтық құйылған контейнерлерді қоймаңыз.
1. Суретте (1 сурет) тоңазытқыштың айналасындағы ең төменгі бос кеңістік көрсетілген. Қабырғадан ең үлкен ара қашықтық электр қуатын пайдалануды төмендетуді қамтамасыз етеді. 1 суретте көрсетілгенге қарағанда, қабырғадан ең аз саңылау қалдырып, тоңазытқышты орнату, электр аспаптарының қалыпты жұмысының бұзылуына, шудың деңгейінің артуына және тоңазытқыштың бұзылуына әкелуі мүмкін.




1 сурет

2. Тоңазытқыштың артқы жақтағы қабырғасы мен бөлменің қабырғасының арасында тіреуіш орнатыңыз (егер ол бар болса) (2 сурет).



2 сурет

3. Орнықтылықты және діріл мен шудың алдын алу үшін, тоңазытқыштың аяқтарын ретке келтіріңіз (3 сурет). Егер тоңазытқыштың алдыңғы жағы, артқы жағына қарағанда биік орналасқан болса, онда тоңазытқыштың есіктері оңай жабылады.



3 сурет

ЕСКЕРТУ:

Егер сіздің тоңазытқышыңыздың қабырғалары тот баспайтын құрыштан жасалған болса немесе арнайы жабыны бар болса, онда тоңазытқыш қорғаныш қабықшалы жабынмен жабылуы мүмкін, ол оның қабырғаларын механикалық ақаулардан қорғайды. Қорғаныш жабынын шешуде үшкір заттарды пайдаланбаңыз, олар үстіңгі бетіне зиян келтіруі мүмкін.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ЖҰМЫСҚА ҚОСУДЫҢ АЛДЫНДА

Оның ішіндегі орама қағаздары мен орауыш материалдарының бәрін тоңазытқыштан алып тастаңыз және тоңазытқыштың ішкі үстіңгі бетін ас содасымен немесе бейтарап сабынмен жуып шығыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тоңазытқыш тиісті орынға жеткізілген соң, оны электр желісіне қосудан бұрын, тасымалдаудан кейін хладагент тиісті түрде бөлінгеніне сенімді болу үшін, оны тігінен қойып, 2-3 сағаттай күтіңіз, бұл тоңазытқыштың дұрыс жұмыс істеуі үшін қажет болады. Әйтпесе, тоңазытқыштың компрессорына зиян келуі мүмкін.

Тоңазытқышты қосқан соң және балғын немесе тоңазытылған азық-түліктерді тоңазытқышқа салудан алдын, тоңазытқышта/мұздатқышта қалыпты жұмыс температурасын тұрақтандыру үшін, 2-3 сағат күтіңіз.

Желілік шнурды суырып тастаған жағдайда, тоңазытқышты/мұздатқышты қайтадан қосудың алдында бес минуттай күтіңіз. Содан кейін тоңазытқыш жұмыс істеуге дайын.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ

Электр тогынан зардап шегу қорғаныс деңгейі бойынша, тоңазытқыш I класқа жатады және 220-240В желіге, жерге қосылған 2-полусті розетка арқылы 50Гц қосылуы қажет.

Ауыспалы токтың желідегі сақтандырғышы – 10А.

Желілік шнурды электрлік розеткасына вилканы қоюдан алдын, келесілерді тексеріңіз:

- электрлік розетка жерге қосылған және әрекет етуші ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес келеді.

- электрлік розетка электр аспаптарының ең жоғарғы деңгейдегі жүктемесін көтеруі мүмкін, ол тоңазытқыштың төлқұжаттық кестесінде көрсетілген.

- электр желісінің кернеуі тоңазытқыштың төлқұжаттық кестесінде көрсетілген кернеуге сәйкес келеді.

- электрлік розетка электр аспаптарының желілік шнурдың вилкасына сәйкес келеді.

Жерге қосылған розетканы орнату үшін, білікті электр маманына жүгіну қажет.

- Электр аспаптарын толық орнатып болған соң, тоңазытқыш қосылған, оның желілік шнурына және электрлік розеткаға қолайлы қол жетуді қамтамасыз ету қажет.

- Желілік шнур ширатылып немесе қысылып қалмауы қажет.

- Желілік шнурды тұрақты қарап, бақылап тұру қажет. Желілік шнурды ауыстыру, қызмет көрсету қызметінің білікті маманы арқылы орындалуы тиіс.

Қуат көзінің шнурды бұзылған жағдайда, оны өндірушіден немесе оның өкілінен алынған, шнурмен ауыстыру қажет болады.


- Егер осы сақтық шаралары сақталмаған болса, онда өндіруші ешқандай айып-кінәраттарды қабылдамайды.

Тоңазытқыш электр желісіне қосылу тұрғанда, тоңазытқышқа және табиғи жолмен жерге қосылған қондырғыларға (газ плитасы, радиаторлар, су жүргізетін құбырлар) бір мезгілде қол тигізуге тыйым салынады.

ПАЙДАЛАНУ


Қосу/Өшіру (дисплейсіз тоңазытқыш)

Тоңазытқыштағы температураны бақылауға арналған термостаттың блогы тоңазытқыш камерасында орналастырылады (4 сурет). Тоңазытқышты қосу үшін термостаттың тұтқышынан ұстап, « 0 » күйінен шығарыңыз. Тоңазытқыштың есіктер ашқан кезде, жарық жана бастайды. Термостаттың тұтқышын « 0 » күйіне қою тоңазытқыштың электр қуатын толығымен өшіреді.



4 сурет

Температураны реттеу (дисплейсіз тоңазытқыш)




5 сурет

Тоңазытқыштың екі камерасында да температураны реттеу термостаттың тұтқышын бұрудың көмегімен орындалады (5 сурет). Өзіңізге қажет күйді таңдап алыңыз:

- Тоңазытқыштың тоңазытқыш және мұздатқыш камерасында төмен температураны орнату үшін, «МАХ» белгісі тұрған бағыт бойынша, термостаттың тұтқышын бұрыңыз.
 - Тоңазытқыштың тоңазытқыш және мұздатқыш камерасында жоғары температураны орнату үшін, «0» бағыты бойынша термостаттың тұтқышын бұрыңыз.
- Біз терморегуляторды орташа күйге қоюға кеңес береміз.

Тоңазытқыш камерасындағы желдеткіш (егер ол бар болса)

Тоңазытқыштың кейбір үлгілерінде тоңазытқыш камерасына (ТК) желдеткіш орнатылған, бұл тоңазытқыш камерасындағы температураның біркелкі бөлінуі үшін, суық ауаның мәжбүри алмасуын және балғын азық-түліктер мен сусындардың қарқынды мұздатылуын қамтамасыз етеді. Желдеткішті алдын ала орнату – желдеткішті өшіру үшін «ВЫКЛ» өшіретін түймені басу қажет (6 сурет). Электр қуатын үнемдеу мақсатымен, тек қоршаған ортаның температурасы $+28^{\circ}\text{C} \dots +30^{\circ}\text{C}$ асқан кезде ғана, желдеткішті қосуға кеңес беріледі.



6 сурет

Басқару блогы (дисплей бар тоңазытқыш)

Басқару блогы, (7 сурет) тоңазытқыштың жұмыс істеуін басқаруға, тоңазытқыштың жұмыс режимі туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Басқару блогы келесілерді қамтамасыз етеді:

- МК және ТК қосу және сөндіру;
- тоңазытқыштың жұмыс жарық индикациялау;
- камералардың әрқайсысында температураны таңдау және ұстап тұру;
- камералардағы таңдалған температураның сандық түрде көрсету;
- ТК есіктерін 1 минуттан көбірек ашқан кезде дыбыстық сигнал қосылады.

Басқару түймелері. Тоңазытқыштың жұмысын басқару, басқару блогының сәйкес түймелерін қолдың саусақтарымен жеңіл басу арқылы жүргізіледі. **Түймелерді басқан кезде, бөтен заттарды**

пайдалануға және түймелердің сынып қалуының алдын алу үшін шектен тыс күш салуға тыйым салынады.


Күту режимін қосу: NO FROST PLUS (TOTAL NO FROST) типтегі тоңазытқыштарды қосу үшін, MODE түймесінің көмегімен мұздатқыштың қызметін таңдап алып, дисплейдегі символдың көрінуі үшін, 7-8 көрсеткішін (сілтеуіш) пайдаланыңыз. Тоңазытқыштың барлық басқа түрлері үшін, MODE түймесінің көмегімен тоңазытқыштың қызметтерін таңдап алыңыз және дисплейдегі символдың көрінуі үшін, 7-8 көрсеткішін (сілтеуіш) пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Желілік шнурды суырып тастамағанша, электр құралдарын қоректендіретін кернеу беріліп тұратын болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Электр желісіне кернеуді беруді тоқтату тоңазытқыштың бұдан кейінгі жұмыс істеуіне әсерін тигізбейді: электр желісіне кернеуді беру жаңартылған соң, тоңазытқыш жұмыс режимінде, камераларда бұрын белгіленген температуралық көрсеткіштер бойынша жұмыс істеуін жалғастыра береді.



7 сурет

Температураны реттеу (дисплей арқылы)

Температураның алдын ала орнатылған мәні: тоңазытқыш үшін плюс +5°C (өзгеруі мүмкін шегі +1°C ÷ +7°C, ал, мұздатқыш үшін минус -18°C (өзгеруі мүмкін шегі -16° ÷ -22°C).

Тоңазытқышты сөндірген соң немесе ұзақ уақыт бойына өшірілуі күйінде болған соң, екінші рет қайтадан қосқан кезде, ол сөндіруден бұрын белгіленген, сол температураға қайта оралады.

•«MODE» ТҮЙМЕСІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ (РЕЖИМ) 9

Mode түймесін басудың көмегімен мұздатқыштағы және тоңазытқыштағы температураны өзгертуге болады.

Тоңазытқыш

Mode түймесін бір рет басқан соң тоңазытқыштағы температураны реттеу орындалады. 7, 8 сілтеуіштердің көмегімен температура белгіленуі мүмкін. 1 күй: ең төмен температура; 2 күй: ең жоғары температура. Егер электр құралдары Total No Frost типтегі (Толығымен еріткішсіз)

тоңазытқыш болып табылса, онда 1 көрсеткішінен кейін, дисплейде **H** (Holiday) көрсеткіші пайда болады (Қосылу).

Мұздатқыш

Mode түймесін екі рет басқан соң, мұздатқыштағы температураны реттеу орындалады: минус -16°C, азырақ мұздатады, минус -22°C, көбіреу мұздатады; Қажетті нұсқаманы таңдап алып, 3 секунд күтіңіз. Қажетті температура белгіленді.

• **«ECO» ТҮЙМЕСІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ (ҚУАТ ҮНЕМДЕУ РЕЖИМІ)** 10 / 3

Аталған қызметті қосу, оңтайлы температураны автоматты түрде белгілеу арқылы электр қондырғысының энергетикалық тиімділігін қамтамасыз етеді, мұндай жағдайда электр қуатын ең төмен деңгейде пайдалану арқылы азық-түліктерді сақтау қамтамасыз етіледі. Eco қызметін өшіру үшін осы түймені тағы да бір рет басыңыз.

• **«LOCK» ТҮЙМЕСІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ (БҰҒАТТАУ)** 11 / 4

Lock түймесін басу, түймелердің жұмыс істеуін бұғаттауды қамтамасыз етеді (кейінгі пәрмендердің барлығы еленбейтін болады). Бұл қызметті өшіру үшін Lock түймесін тағы да бір рет басыңыз.

• **«SUPER FREEZING» ТҮЙМЕСІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ (ҚАТТЫ ТОҢАЗЫТУ)** 12 /

5

Көп мөлшердегі тағам өнімдерін тоңазыту үшін Super Freezing қызметін қосуға кеңес беріледі. Бұл қызметті қосу үшін, Super Freezing түймесін тағы да бір рет басыңыз. Бұл қызмет 26 сағаттан 34 сағатқа дейін қосылады (тоңазытқыштың моделіне байланысты). Осы уақыт аралығында немесе Super Freezing түймесін қайтадан басқан соң, бұл қызмет автоматты түрде өшіріледі. Eco қызметі қосылу тұрған кезде, Super Freezing қызметі қосыла алмайды.

• **«SMART COOL / ICED DRINK» ТҮЙМЕСІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ.**

(ТЕЗ МҰЗДАТУ/ МҰЗДАТЫЛҒАН СУСЫН) 13 / 6

Сусынды тезірек мұздату үшін, сусыны бар бөтелкені мұздатқыш камерасына орналастырып, бұл қызметті Smart cool/iced drink түймесін басу арқылы қосыңыз.

30 минутқа тең, уақытты қайтымды есептеу басталады, бұдан кейін ұзақтығы 15 секундтай дыбыстық сигнал беріледі, ол бөтелкедегі сусын мінсіз температураға жетті деп хабарлайды. Бұл қызметті өшіру үшін аталған түймені тағы да бір рет басыңыз.

• **«HOLIDAY» ТҮЙМЕСІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ (ҚОСУ) (ТЕК TOTAL NO FROST МОДЕЛІНДЕ ҒАНА БАР)**

Сіз үйде ұзақ уақыт болмаған жағдайда, Holiday қызметін пайдалану мүмкіндігі бар. Бұл қызмет сізге тоңазыту камерасын өшіруге мүмкіндік береді, алайда, мұндай жағдайда мұздатқыш камера қосылу күйінде қалады. Бұл қызметті қосудан бұрын тоңазыту камерасынан азық-түліктерді алуды ұмытпаңыз. Бұл қызметті қосу үшін Mode (Режим) қызметін қараңыз. Бұл қызметті өшіру үшін тоңазытқыштың температурасын белгілеуді өзгертіңіз.

• **ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІГІ АШЫҚ ЕКЕНДІГІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТЕТІН СИГНАЛ.**

Егер тоңазытқыштың есігі бір минуттан артық ашық тұрса, дыбыстық сигнал беріледі. Бұл сигналды өшіру үшін MODE түймесін басыңыз.


АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕРДІ САҚТАУ

• Азық-түліктер мен тағам өнімдерінің хош иісін, қасиеттерін және балғындығын сақтау үшін, оларды тоңазытқыштың бөлімшелерінде сақтауға кеңес беріледі, ұсынылған 8 суретте көрсетілгендей, олар қасында сақталып тұрған тағам өнімдерінің иісін өзіне сіңдіріп алмауы үшін, азық-түліктерді алюминий фольгаға немесе пластикалық пленкаға орап, немесе азық-түліктерді жабық контейнерлерде сақтауға кеңес беріледі.

- Ылғалды артуын болдырмау үшін, тоңазытқышқа қақпақсыз ыдыстарды қоймаңыз, бұл тоңазытқыш камерасындағы температураның артуына әкеледі.

Тоңазытқыштың аумағы

Көкөністер мен жеміс-жидектер ылғалды жоғалтып алмау үшін, олар пластикпен қорғалуы тиіс, мысалы, пластикалық пленкамен немесе пластикалық пакетпен орап, содан кейін көкөністер/жеміс-жидектер аймағына орналастырылуы қажет болады. Бұл олардың тез бұзылып кетуінің алдын алады.



8 сурет

Қатты салқындату аумағы (бұл тоңазытқыштың тек бірнеше үлгілерінде ғана бар)


Төменде көрсетілген аумақ, ет, балық, құс және т.с.с. тағам өнімдерін сақтауға арналған; бұл аумақта көкөністер мен жеміс-жидектер сақтамаңыз, өйткені олар мұз болып қатып қалуы мүмкін.

NO FROST PLUS
(TOTAL NO FROST)
типтегі
тоңазытқыштар




Ең салқын аумақтағы температураның индикаторы (барлық үлгілерде бар емес)

Кейбір үлгілерде температура индикаторы тоңазыту камерасының ең салқын аумағында орналасқан, бұл тоңазыту камерасындағы орташа температураны бақылауға Сізге мүмкіндік береді. Бұл белгімен тоңазыту камерасындағы ең салқын аумақ белгіленеді.



Температура индикаторында **OK** деген сөз анық көрініп тұрғанын тексеріңіз. (9 сурет). Егер **OK** индикаторда көрінбесе, онда бұл тоңазыту камерасындағы температура тым жоғары дегенді білдіреді. Ең суық аумақтағы температураны реттеп, шамамен 10 сағаттай күтіңіз. Индикатордағы көрсеткішті тексеріңіз. Қажет болған жағдайда реттеуді қайтадан орындаңыз.



9 сурет

ЕСКЕРТУ:

Егер тоңазытқышқа көп азық-түліктерді нығыздап салып тастаса және егер тоңазытқыштың есігі жиі ашылса, онда индикаторда OK деген сөз көрінбеуі мүмкін. Ең төмен температураны белгілеуді орындаудан бұрын, 10 сағаттай күтіңіз.

Мұздатқыш аумағы

Аумақта азық-түліктерді сақтау уақыты *** *** (барлық үлгілерде бар емес) – шамамен бір ай. Төменде келтірілген кестені қараңыз, мұнда мұздатқышта азық-түліктерді сақтау уақыты көрсетілген.

*** ****

Азық-түліктерді мұздату тек осы бөлімшелерде ғана орындалады *** ****

2-3 ай			
4-6 ай			
6-8 ай			
10-12 ай			

ПРАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

- Ауа қалыпты алмасып, оларды салқындатуы үшін, сөрелерге азық-түліктерді біркелкі етіп орналастырыңыз.
 - Тоңазыту камерасының арт жақтағы қабырғасымен азық-түліктердің жанасуын қадағалыңыз.
 - Тоңазытқышқа ыстық тамақты қоймаңыз, өйткені ол тоңазытқыштағы басқа да азық-түліктерді бұзуы мүмкін, сонымен бірге тұтынылған электр қуатының артуына әкелуі мүмкін.
 - Тоңазытқышқа азық-түліктерді орналастырудан бұрын, олардың орама қағазын шешініз.
 - Кірленген тәрелкелер мен табақтарды тоңазытқышқа салмаңыз.
 - Желдеткіштен суық ауаның шығуына арналған саңылауды тағам өнімдерімен қалқаламаңыз.
 - Ауаның қалыпты алмасуын қамтамасыз ету үшін, көкөністерді сақтауға арналған контейнердің шыны сөресін қалқаламаңыз.
 - Тоңазытқыштың ішіндегі тағам өнімдері барынша көбірек суық күйінде қалуы үшін, қоректендіруші кернеу ұзақ уақыт болмаған жағдайда, тоңазытқыштың есіктері ашық қалуы қажет.
 - Тоңазытқышты жылы және дымқыл бөлмеде орнатқанда, тоңазытқыштың есігін жиі аша бергенде және тоңазытқышқа көп көкөністер сақталғанда, оның ішінде конденсат пайда болуы мүмкін және тоңазытқыштың қалыпты жұмысы бұзылуы мүмкін.
 - Электр қуатын көбірек тұтынуды үнемдеу үшін, тоңазытқыштың есіктерін жиі ашуға және оларды ұзақ уақытқа беті ашық күйінде қалдыруға болмайды.
- Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде, оның арт жақтағы қабырғасы қырау басуы немесе компрессордың жұмыс істеуіне немесе істемеуіне байланысты, су тамшылары пайда болуы мүмкін. Алаңдамаңыз, бұл қалыпты жағдай.

ТОҢАЗЫТУ


- Тоңазытуға арналған азық-түліктер балғын болуы қажет.
- Оларды тезірек мұздату үшін, азық-түліктердің шағын мөлшерін бірден тоңазытыңыз.
- Тоңазытқыштың төлқұжатындағы кестеде көрсетілген, тағам өнімдерінің жоғары мөлшерінен ешқашан асырмаңыз.
- Азық-түліктерді тоңазыту кезінде, мұздатқыш бөлімінің есігін ашпаңыз.
- Тағам өнімдері герметикалық жолмен оралған болуы тиіс.
- Мұздатылуы қажет болған тағам өнімдерін, бұрын мұздатылған тағам өнімдерінен, бөліп алыңыз.
- Мұздатылған азық-түліктердің сақталу мерзімінің өтіп кетпеуін қамтамасыз ету үшін, пакеттер мен контейнерлерге жазба белгіні желімдеп жапсырыңыз.
- Азық-түліктерді еріткен соң, оларды ешқашан қайтадан тоңазытпаңыз және оларды дереу пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Мұздатылған азық-түліктерді дымқыл немесе сулы қолмен ұстамаңыз, бұл күйікке әкелуі мүмкін.

ДИСПЛЕЙСІЗ ТОҢАЗЫТҚЫШТАР

Әдетте, термостаттың реттеу тұтқышының көмегімен температураны ретке келтіруді орындауға қажеттілік жоқ. Тек егер сіз тоңазыту камерасында сақталатын азық-түліктердің шектен тыс мұздатылғанын байқаған жағдайда, «0» бағыты бойынша термостаттың реттеу тұтқышын аздап бұруға кеңес береді (10 сурет). Азық-түліктерді тоңазытуды аяқтаған соң, реттеу тұтқышын әдеттегі қалпына қайтарыңыз.



10 сурет

ДИСПЛЕЙІ БАР ТОҢАЗЫТҚЫШ

Тарауды қара. **Дисплей Қосу/Сөндіру**

NO FROST мұздатқыш камерасының еріту жүйесі бар тоңазытқыштар үшін, азық-түліктерді жүктегенге дейін 8 сағат бұрын SUPER FREEZING (Қатты тоңазыту) қызметін қосыңыз.

Басқа заттар үшін, SUPER FREEZING қызметін азық-түліктерді жүктеген сәтте қосыңыз.

ЕРІТУ

Тоңазытқыш камерасын еріту.


Қалыпты жұмыс істегенде тоңазытқыш автоматты түрде ерітіледі.

Тоңазытқыш камерасының артқы қабырғасында пайда болған су тамшыларын сүртудің немесе қырауды қырып тастаудың (жұмыс істеу режиміне байланысты) қажеті жоқ.

Тоңазытқыш камерасының артқы қабырғасында пайда болған қырау (компрессорды сөндірген соң) еріп, су тамшыларына айналады. Ағызатын саңылау арқылы, су тоңазытқыштың артқы жағына (тартпа, науа) жиналады және компрессор бөліп шығаратын жылудың көмегімен буға айналдырады (11 сурет).

Науаның тазалығын тұрақты түрде бақылап отыру қажет (3 айда бір реттен кем емес). Науаның ішінде судың болуы, ағызатын жүйесінің ластануын көрсетеді.

Су ыдысқа кедергісіз ағуы үшін, ластануды жою үшін науадағы саңылауды тазалау қажет. Құйылыс тесігі ластанған тоңазытқышты пайдалануға тыйым салынады.




11 сурет

Мұздатқыш камерасын еріту

(NO-FROST жүйесіз статикалық салқындату жүйесі бар тоңазытқыштар)

Мұздату камерасындағы қыраудың қалыңдығы 3 мм асқан жағдайда, камераны ерітуге кеңес беріледі, өйткені бұл электр қуатын үнемдеуді қамтамасыз етеді.

1) Температураны реттеу тұтқасын „0" күйіне қойыңыз (12 сурет);



12 сурет

- 2) Розеткадан желілік шнурдың вилкасын суырып тастаңыз;
- 3) Тоңазытылған азық-түліктерді мұздатқыш камерасынан алып, оларды уақытша салқын жерге қойыңыз;
- 4) Ерітуді тездету үшін мұздатқыш камерасының есігін ашық қалдырыңыз;
- 5) Мұздатқыш камерасының төменгі жағында жиналған суды сүртіп алыңыз;
- 6) Мұздатқыш камерасын кептіріңіз;
- 7) Желілік шнурдың вилкасын электр розеткасына қосып, термостаттың реттегіш тұтқышын тиісті күйге қойыңыз;
- 8) Біраз күтіңіз, сөйтіп тоңазытылған азық-түліктерді мұздатқыш камерасына салыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Тоңазытқышты еріткенде ашық жалынды және электр жылытқыштарды, бу тазалағышты, балауыз шамды, майлы шамды және осыған ұқсас қондырғылар сияқты, электр аспаптарын пайдалануға тыйым салынады. Тоңазытқышта қалың болып қатып қалған мұзды пышақпен немесе басқа үшкір затпен қырмаңыз. Бұл хладагенттың сұлбасына зиян келтіруі мүмкін, оның ағуы өртке әкелуі немесе Сіздің көзіңізге зақым келтіруі мүмкін.

Мұздатқыш камерасын еріту (NO-FROST тоңазытқыштары)

Еріту автоматты түрде орындалады.

КҮТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Тоңазыту камерасында жарықтандыру бар, ол есікті ашқанда қосылады және есікті жапқанда сөнеді. Жарықтандыру үшін жарық диодты лампылар қолданылады, олар ұзақ сақталады және қарапайым лампыларға қарағанда, қоршаған орта үшін залалсыз болып табылады. Олардың ауыстыру қажет болған жағдайда қызмет көрсету орталығына жүгіну қажет.

ТАЗАЛАУ

ЕСКЕРТУ:

- Электр тоғынан зардап шегу мүмкіндігінің алдын алу үшін, әрбір операцияны орындаудан алдын тоңазытқыштың желілік шнурын электр розеткасынан суырып тастау қажет.
- Тоңазытқыштың сыртқы және ішкі жоғарғы бетіне тікелей су құймаңыз. Бұл металл бөлшектердің тотығуына және электр тоғы айыратын қабының бұзылуына әкелуі мүмкін.

МАҢЫЗДЫ:

Тоңазытқыштың ішкі үстіңгі бетінің және пластмасса бөлшектерінің бұзылуының алдын алу үшін, келесі ережелерді ұстану қажет болады:

- Азық-түліктерді алып тастаңыз.
- Пластмасса бөлшектеріне жабысып қалған, тағам өнімдерінің, майдың және т.с.с. қалдықтарын алып тастаңыз.
- Ішкі бөлшектерді, есікке жанасып, шектесіп жатқан аймақты және сыртқы бөлшектерді, суға немесе ас содасының немесе бейтарап сабынның ерітіндісіне малынған матаның көмегімен тазартуға болады.

- Тоңазытқышты тазарту үшін ерігінділерді, аммиакты, ағартқыш немесе абразивтік тазарту құралдарын пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқыштан оның бөлшектерін, мысалы, тоңазытқыштың ішінде және оның есіктеріндегі сөрелерді шығарып алыңыз. Оларды сабын сумен жуыңыз. Таза сумен шайып, мұқият құрғатып сүртіңіз.
- Тоңазытқыштың сыртқы жақтағы қабырғасында шаң-тозаң жиналады, оны шаңсорғыштың көмегімен тазалауға болады. Тоңазытқыштың сыртқы жақтағы қабырғасы мен конденсаторды жылына бір рет шаңсорғышпен тазалап отырыңыз. Бұның алдында тоңазытқышты өшіріп, оның желілік шнурын электр розеткасынан суырып тастау қажет. Бұл тоңазытқыштың энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.
- Құйылыс тесігіндегі науаның саңылауын жуыңыз. Компрессордың жоғарғы жағындағы ыдыстағы суды, ылғалды оңай сіңіретін матамен сүртіп алыңыз.
- Барлық бөлшектерді құрғатып сүртіңіз.

ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

- Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде, энергияны үнемдеуді арттыру үшін келесі кеңестер беріледі:
- Электр аспаптарын жылу көздерінен алыстау орнатыңыз, оған тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сонымен бірге оны жақсы желдетілген, ауасы тазартылған бөлмеге орнату қажет.
 - Тоңазытқыштың ішіндегі температураның артып кетуінің алдын алу үшін және компрессордың ұзақ уақыт жұмыс істеуі үшін, тоңазытқышқа ыстық тамақты салмаңыз.
 - Тоңазытқыштың ішінде ауаның қалыпты алмасуын қамтамасыз ету үшін, оған тым көп азық-түліктерді салмаңыз.
 - Егер оның ішінде қалың мұз қабаты пайда болса, тоңазытқышты ерітіңіз (Ерітуді қараңыз). Бұл салқын ауаның оңай алмасуы үшін қажет.
 - Электрмен қамтамасыз ету бұзылған жағдайда, мүмкіндігінше, тоңазытқыштың есігін жабық ұстау қажет.
 - Тоңазытқыштың есігін барынша азырақ ашу немесе ашық ұстау қажет.
 - Термостатта тым төмен температураны белгілеуден аулақ болу.
 - Тоңазытқыштың сыртқы жағындағы қабырғада жиналған шаң-тозаңды тазалау (Тазалау бөлімін қараңыз).
 - Тоңазытқыштың есіктеріне қойылған резеңкенің таза болуын және есікті жапқан кезде корпусқа нығыздалып жабылуын қадағалаңыз, бұл суық ауаның шығып кетуінің алдын алуға мүмкіндік береді.
 - Тоңазытылған азық-түліктерді тоңазытқыш камераларында еріту қажет, өйткені олардың салқындығы тоңазытқыштың электр қуатын тұтынуын төмендетеді.

ШУДЫ ТӨМЕНДЕТУ

Тоңазытқыштың жұмысы кәдімгі табиғи шу арқылы сүйемелденеді.

- ГУИЛДЕУ, компрессор жұмыс істеп тұр.
 - СЫБДЫР және ЫСЫЛДАУ, хладагент трубалар арқылы ағып жатыр.
 - ТЫҚЫЛДАУ және СЫРТЫЛДАУ, компрессордың тоқтауы немесе қосылуы.
- Діріл-шуларды төмендетуге бағытталған қарапайым шаралар:
- Электр аспаптары көлденеңінен орнатылмаған: Көлденеңінен орнатуды аяқтарының биіктігін реттеудің көмегімен ретке келтіріңіз.
 - Контейнерлер бір-біріне жанасып тұрады: Контейнерлер мен шыны ыдыстардың бір-біріне жанасуын болдырмаңыз.
 - Тоңазытқыш басқа заттарға жанасып тұрады: Тоңазытқышты жиһаздарға немесе басқа да электр аспаптарына жанаспайтындай етіп орнатыңыз.
 - Жылжымалы жәшіктер мен сөрелер дірілдейді: Тоңазытқыштың ішкі бөліктері дұрыс орналастырылғанын тексеріңіз.

ЕСКЕРТУ:

Тіпті компрессор жұмыс істемей тұрған кезде де, газ тәрізді хладагент шу шығарады; бұл ақау емес, қалыпты жағдай.

Егер Сіз тоңазытқыштың ішінде қысқа анық дыбысты естісеңіз, бұл қалыпты жағдай, өйткені бұл дыбыстар әр түрлі материалдардың жылуды күшейтуінен туындайды.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЖҰМЫСЫН УАҚЫТША ТОҚТАТУ

Егер тоңазытқышты ұзақ уақыт пайдалану жоспарланбайтын болса:

1. Тоңазытқышты өшіріп қойыңыз (Пайдалану бөлімін қараңыз).
2. Желілік шнурды электр желісінен суырып тастаңыз.
3. Тоңазытқышты тазалаңыз.
4. Тоңазытқыштың ішінде жағымсыз иісті болдырмау үшін, оның есіктерін ашық қалдырыңыз.










ЕСІКТІ АУЫСТЫРЫП ОРНАТУ

Қажет болған жағдайда тоңазытқыштың есіктері, оңға немесе солға қарай ашылатындай етіп, орнатылуы тиіс.

















ЕСКЕРТУ:

- Тоңазытқыштың есігін ауыстырып орнату қызмет көрсету қызметінің білікті маманы арқылы орнатылады.
- Есігінде дисплей бар тоңазытқыштар үшін. Назар аударыңыз!!! Дисплей байланыс сымдары арқылы тоңазытқыштың корпусымен қосылады,
- Есікті ауыстырып орнату кепілдікті жарамдылық саласына кірмейді.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІГІНДЕ ДИСПЛЕЙ ЖОҚ МОДЕЛІ



ТОҒАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІГІНДЕ ДИСПЛЕЙ БАР МОДЕЛІ



САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Буып-түйілген қораптағы тоңазытқыш, табиғи жолмен желдетілетін жабық ғимараттарда 80% аспайтын салыстырмалы ылғалдықта сақталуы тиіс.

Жүк тиеу-түсіру жұмыстары барысында тоңазытқышты соққылы жүктемелерге душар етуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Есіктерінен, есіктегі тұтқаларынан ұстап, тоңазытқышты бір орыннан екінші орынға ауыстырмаңыз, оларды сындырып алуыңыз мүмкін.

Кез келген болуы мүмкін соққыларды, орын ауыстыру және көлік құралдарының ішінде құлатып алуды болдырмау үшін, тоңазытқышты жұмысшы қалпында (тігінен), төбесі жабылатын көліктің кез келген түрімен тасымалдау қажет.

АҚАУЛАРЫН ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Егер тоңазытқыштың ақаулары бар болса, қызмет көрсету орталығына жүгінуден бұрын, төмендегі кестеге сәйкес тексеру жүргізуге кеңес береміз.

МӘСЕЛЕ	СЕБЕП	ЖОЮ ӘДІСІ
Тоңазытқыштың ішіндегі жарықтандыру лампасы қосылмайды	<ul style="list-style-type: none"> • Лампасы күйіп кеткен. 	<ul style="list-style-type: none"> • Лампаны ауыстырыңыз (Жарықтандыру бөлімін қараңыз).
Қосу	<ul style="list-style-type: none"> • Электр қуаты берілмей жатыр. • Есіктегі соңғы сөндіргіш бұғатталған. 	<ul style="list-style-type: none"> • Желілік шнур электр желісіне тиісті түрде қосылмаған. • Электр аспаптары өшірілмегенін, соны тексеріңіз. (Температураны реттеу бөлімін қараңыз). • Электр желісінде кернеу бар екендігін тексеріңіз.
Тоңазытқыш және мұздатқыш камералары жеткілікті дәрежеде салқын емес.	<p>Есіктер жабылмаған.</p> <p>Есіктер жиі ашылады.</p> <p>Температураны дұрыс емес белгілеу.</p> <p>Тоңазытқышқа және мұздатқышқа тым көп азық-түліктер жүктелген.</p> <p>Қоршаған ортадағы ауаның температурасы тым төмен.</p> <p>Электр қуатымен қамтамасыз етілмей тұр</p>	<p>Электр аспаптары сөндірілгенін тексеріңіз.</p> <p>Тоңазытқыштың есіктері нығыздалып жабылғанын және резеңкелі аралық қабатқа жанасып жатқанын тексеріңіз.</p> <p>Егер қажеттілік болмаса, есіктерін біраз уақыт ашпаныз.</p> <p>Температураны реттеу тұтқасының қалыпын тексеріңіз және егер мүмкін болса, төмен температураны белгілеңіз (Температураны реттеу бөлімін қараңыз).</p> <p>Тоңазытқыш және мұздатқыш камераларында температура тұрақтанғанша, күтіңіз.</p> <p>Қоршаған ортадағы температура төлқұжаттық кестеде көрсетілген температураға сәйкес келетінін тексеріңіз (Орнату бөлімін қараңыз).</p> <p>Желілік шнур электр желісіне тиісті түрде қосылмаған.</p>

	Тоңазытқыштың атқы жағы бөлменің қабырғасына тым жақын орналасқан.	Электр аспаптары сөндірілмегенін тексеріңіз (Температураны реттеу бөлімін қараңыз). Электр желісінде кернеу бар екендігін тексеріңіз. Электр аспабын бөлменің қабырғасынан алысырақ жылжытып қойыңыз (Орнату бөлімін қараңыз).
Тоңазытқыш камерасындағы азық-түліктер тоңазытылмай тұр.	Температураны дұрыс емес белгілеу. Азық-түліктер тоңазытқыштың артқы қабырғасымен жаансып тұр. Балғын тағам өнімдерінің тым көп мөлшерін тоңазыту, тоңазытқыштағы температураның төмендеуіне әкеледі.	Температураны реттеу тұтқасының қалыпын тексеріңіз (Температураны реттеу бөлімін қараңыз), және егер бұл мүмкін болса, температураны белгілеуді азайтыңыз. Азық-түліктерді тоңазытқыштың артқы жақтағы қабырғасынан шамалы ысырып қойыңыз. Тоңазытылған азық-түліктердің ең жоғары деңгейінен асырмаңыз (Тоңазыту бөлімін қараңыз)
Тоңазыту камерасының түбі ылғалды болады немесе ол жерде су тамшылары бар	NoFrost айырмашылығы, басқа тоңазытқыштарда: құйылыс трубасы бекітіліп қалған болуы мүмкін.	Судың ағуын қамтамсыз ету үшін, құйылыс трубасын таяқшамен немесе осыған ұқсас затпен тазалаңыз.
Тоңазытқыштың артқы жақтағы қабырғасында су тамшыларының немесе ылғалдың болуы.	Тоңазытқыштың қалыпты жұмысы.	Бұл ақау болып табылмайды (Еріту бөлімін қараңыз).
Көкөністерге арналған жылжымалы жәшікте судың болуы.	Ауа алмасудың болмауы. Көкөністер мен жеміс-жидектер тым ылғалды.	Шыны сөреде және жәшікте ауаның қалыпты алмасуына кедергі жасайтын азық-түліктердің жоқ екендігін тексеріңіз. Көкөністер мен жеміс-жидектердің пластикалық қапқықтарға немесе контейнерлерге салыңыз, немесе оларды пластикалық пленкаға ораңыз.
Электр қозғалтқыш ұдайы жұмыс істейді.	Есіктері жабылмаған. Есіктері жиі ашылады. Қоршаған ортадағы ауаның температурасы тым жоғары.	Тоңазытқыштың есіктері жабық екендігін және резеңкелі аралық қабатқа жанасып жатқанын тексеріңіз. Егер қажеттілік болмаса, есіктерін біраз уақыт ашпаңыз. Қоршаған ортадағы температура төлқұжаттық кестеде көрсетілген температураға сәйкес келетінін тексеріңіз (Орнату бөлімін қараңыз).

	Қырау қабатының қалыңдығы 3 мм астам	Термостаттың реттеу тұтқышын төмен мәнге қойыңыз / Дисплейде жоғары температураны белгілеңіз. Ерітуді орындаңыз (Еріту бөлімін қараңыз).
Кейбір сыртқы бөлшектердің жоғары температурасы.	Конденсаттың құйылуына арналған трубаның болуы.	Бұл қалыпты жағдай: Кейбір бөлшектердің температурасы, олардағы ылғалдың сұйық түрге айналуының алдын алу болып табылады.
Тоңазытылған азық-түліктер еріп жатыр.	Қоршаған ортаның температурасы бұйымның климаттық класынан төмен. Компрессор сирек қосылады. Мұздатқыш камерасының есіктері жабылмаған.	Тоңазытқышты жылы бөлмеге орналастырыңыз. Есік жабық және резеңкелі аралық қабаттың жанасып жатқанын тексеріңіз.
Тоңазытқыштың үстіңгі бетінде конденсаттың пайда болуы	Қоршаған орта тым ылғалды.	Тоңазытқышты ылғалдығы аз бөлмеге орнатыңыз.

Егер Сіз мәселені өзбетіңізше шеше алмасаңыз, қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз, ақаудың түрлерін көрсетіп, тоңазытқыш камерасының ішінде орналасқан, аталған бұйымның төлқұжаттық кестесінде көрсетілген, мағлұматтарды айтыңыз.

- Тоңазытқыштың моделі.
- Сериялық нөмірі

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

.Тоңазытқышты пайдаланудың кепілдікті мерзімі, сатып алған күннен бастап, 1 жыл. Сату күні көрсетілмеген жағдайда, бұйым шығарылған күннен бастап, кепілдік мерзімі автоматты түрде есептеледі.

Кепілдікті міндеттемелері кепілдік сертификатында көрсетілген, ол тоңазытқыштың жеткізілім жиынтығына кіреді. Тұтынушы пайдалану, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтаған жағдайда, пайдаланудың кепілдікті мерзімінде тоңазытқыштың жөндеу жұмыстары тегін жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының тізімі, тоңазытқыштың жеткізілім жиынтығына кіреді.

Кепілдікті жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайда, қызмет көрсету орталығының мамандарына көрсету үшін, сатушының чегін немесе квитанциясын сақтап қойыңыз.

Егер тоңазытқыштың ақауы бар болса, қызмет көрсету орталығына жүгінуден бұрын, төлқұжаттық кестеге сәйкес тексеру жүргізуге кеңес береміз.

Егер ақаулар болуын жалғастырса – қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.

Егер тексеру нәтижесінде тоңазытқыштың ақауы расталмаса, қызмет көрсету қызметінің прейскуранты бойынша көлік шығындарын бұйымды сатып алған иесі төлейді.

Тоңазытқышты пайдалану, тасымалдау және сақтау шарттарын бұзудың кесірінен туындаған ақаулар болған жағдайда, көлік шығындары мен жөндеу жұмыстары үшін, қызмет көрсету қызметінің прейскуранты бойынша көлік шығындарын бұйымды сатып алған иесі төлейді.

Бұйымның қызмет ету мерзімі – 7 жыл.

Тоңазытқыштың қызмет ету мерзімінің бүкіл барысында техникалық қызме көрсету және жөндеу жұмыстары, қызмет көрсету орталығының білікті маманы арқылы жүргізілуі тиіс.

Тоңазытқыштың техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарымен, қуатталған қызмет көрсету орталықтары шұғылданады.

Қызмет көрсету орталықтарының тізімін www.candy.ru сайтында «қолдау көрсету» тарауынан табуға немесе +7 (499) 110-22-11 телефоны бойынша анықтауға болады.

Осы өнімге CE (put here official symbol) таңбаламасын түсіре отырып, біз өз жауапкершілігімізге, өнімдердің осы түрі үшін заңнамада көзделген барлық Еуропалық қауіпсіздік, денсаулық қорғау нормаларына және экологиялық талаптарға сәйкестігі туралы мәлімдейміз.

Өндіруші-фирма осы нұсқаулықты басып шығарудың барысында орын алған қателіктер үшін өзіне жауапкершілік қабылдамайды. Өндірушінің бұл орайда негізгі сипаттамаларын сақтай отырып, өзінің ҚАЗ бұйымдарына олар үшін пайдалы деп табатын өзгерістер енгізуге құқығы бар.



06.16

